

Лебяжі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы "Лебяжі ауданының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" № 3/1 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 1/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" № 964 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігінің актілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы "Лебяжі ауданының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" № 3/1 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 22 қаңтарда № 3671 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 ақпанда "Аққу үні - Вести Акку" газетінің № 4 санында жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

С. Жанғазин